Автор: Танатарова Айнагуль Хайроллаевна
Пән: Биология
Сынып: 7-сынып
Бөлім: Координация және реттелу
Тақырып: Ми. Үлкен ми сыңарлары

Оқу мақсаттары (оқу бағдарламасына сілтемеу):	Үлкен ми сыңарларының құрылысы мен қызметтерін сипаттау
Сабақтың мақсаты:	Барлық оқушылар: Ми туралы түсінік алады, үлкен ми сыңарларының бөлімдерін біледі және сипаттай алады. Көпшілік оқушылар: Ми мен үлкен ми сыңарларының бөлімдері мен қызметтерін талдай алады кейбір оқушылар: Ми мен үлкен ми сыңарлары қызметінің ағза үшін маңыздылығына баға бере алады.
Тілдік мақсаттар:	негізгі сөздер мен тіркестер: Ми, үлкен ми сыңарлары, үлкен ми сыңарлары бөлімдері, маңдай, төбе, шүйде, самай.
Күтілетін нәтиже:	Ми және үлкен ми сыңарларының қызметтерін білуі
Бағалау критерийлері:	- Мидың құрылыс ерекшеліктерін, үлкен ми сыңарлары бөлімдерін біледі және сипаттай алады. - Ми мен үлкен ми сыңарлары бөлімдерінің қызметін талдай алады. - Ми мен үлкен ми сыңарлары қызметінің ағза үшін маңыздылығына баға бередіі.
Құндылықтарды дарыту:	Өмір бойы білім алу, ынтымақтастық, ашықтық, салауатты өмір салтын сақтау.
АКТ-ны қолдану дағдылары:	презентация, бейне материалдар пайдалану
Пәнаралық байланыс:	әдебиет, математика, информатика, сурет
Бастапқы білім:	Жүйке жүйесінің бөлімдері. Жұлын.

Сабақ барысы

Сабақ кезеңдері	**Жоспарланған іс-әрекет**	**Ресурстар**
Сабақтың басы (3мин«Аудиторияда ағы заттар» әдісі арқылы психологиялық ахуалды анықтап алу 7мин Үй тапсырмасын сұрау)	Оқушылар бөлмедегі қандай да бір затты таңдап, 1 минут ішінде оны өзіне немесе өзінің көңіл-күйіне ұқсастығын ойластырып, топ ішінде бір-біріне айтып беруі қажет. Мысалы: «мына төбедегі шам маған ұқсаа екен, менің де көңілім қазір жарқырап тұр!»- деп өзім бастаймын. Алдыңғы білім – Жүйке жүйесінің бөлімдері. Жұлын. I.«Футбол» ойыны арқылы үй тапсырмасын қайталатамын. 1.Нейрон дегеніміз не? 2.Нейронның қысқа және ұзын өсінділері қалай аталады? 3.Жүйке жүйесінің бөлімдерін атаңдар? 4.Рефлекс дегеніміз не? 5.Рефлекс доғасы деген не? 6.Жұлынның құрылысы туралы не айта аласыңдар? 7.Жұлынның қызметтерін атаңдар? II. «Егер мен невропотолог болсам» тақырыбындағы эсселерін тексеру.	

Сабақкезеңдері	**Жоспарланған іс-әрекет**	**Ресурстар**
Сабақтың ортасы (20мин)	I. Сыныпты «Random» онлайн әдісімен топқа бөлу. II. Оқулықпен жұмыс- «Пікірлер базары» стратегиясы Оқушылар мәтінді оқып шыққан соң плакатқа мәтіннің ең маңызды деп шешкен жерін жазады. Әр плакаттың қасында сұраққа жауап беретін оқушы тұрады. Басқа топ мүшелері плакаттағы сөйлемнің төменгі жағына стикермен өздерінің комментарийларын, сұрақтарын, пікірлерін, қарсы дәлелдерін жазады. Сұрақтарға жауап беруші оқушылар топтан алмасып тұрады. III. «Суреттер сөйлейді» әдісі оқулықтағы суреттерді талдау 1топ: Мидың сыртқы құрылысы 105 - сурет 2 топ: Ми қыртысының аймақтары 104 - сурет 3 топ: маймыл мен адам миы 103 - сурет	
Сабақтың соңы	1.«Биологиялық диктант» сөйлемдерді толықтыру: Мидың сұр заты ....., ал ақ заты ..... болады. Сұр зат ..... миды түзеді. Үлкен си сыңарының қыртысы ....., 1 см-ден артық болмаса да, ... мен ..... өте тығыз орналасады. 1см³-де шамен 100 млрд .... болады. Үлкен ми сыңарларының терең жүлгелері: ....., ..., ... және ..... бөлімге бөлінеді. 2. Кесте толтыру №үлкен ми сыңарларының бөлімдеріүлкен ми сыңарлары бөлімдерінің қызметтері	
Рефлексия	«Үш М және Ә» /Үш М – сабақта орындалған жақсы үш мәселе немесе іс-әрекет; Ә – жұмысты жақсарта түсетін ұсыныс./ Оқушыларға сабақ барысында жақсы орындалған үш мәселені атап, сабақта олардың жұмысын жақсартатын бір әрекетке ұсыныс жасау ұсынылады. Үйге тапсырма: 1.«§38. Ми. Үлкен ми сыңарлары» тақырыпты оқып түсіну; 2.Тақырып соңындағы Блум бойынша тапсырмаларды орындау, пікірталасқа дайындалу: -Келешекте жануар, өсімдік және автомобильде сана болуы мүмкін бе?	